


«Өнерлі өрге жүзер», «Өнерге шекара жоқ» деген қағида қашанда мәнін жоймақ емес. Өйткені, өнер ұлт пен ұлттың, мемлекет пен мемлекет арасын жақындатар дәнекерші. Ал осы өнер деген алып бәйтерек болса оның тамырлары, жапырақтары сияқты өнердің де тармақ салалары жетерлік. Соның бірі және бірегейі саз, әуен, әншілік, оның классикалық түрлері мен мың бұрала билеу сияқты адам сезіміне ерекше әсер ететін өнер түрлері десек, осыған баулып, қанаттандыратын бірден-бір білім ордасы атақмұш оқу орны екені даусыз. Жарты ғасырдан артық тарихы бар бұл шаңырақтан халқымызды өзге елдерге танытқан жүздеген, мыңдаған композиторлар мен жазтаңдай әншілер шыққанын бүгінгі ұрпақ біледі, күй атасы Құрманғазының есімін алған киелі қара шаңырақ деп түсінеді. Ал сол өнердің қара шаңырағының бүгінгі нарық заманындағы қал, ақуалы қандай?

Ғылым, білім дамып, қоғам алға жылжыған сайын өнер де жетілуі, өрістеуі тиіс. Алыс-жақын шет елдер мен байланыс күшейген тұста, өнер байқауларында біздің өнерпаздар өзге елдің өкілдерімен терезесі текесіп тұра ала ма!

Ол үшін өнер адамдарына, өнерлі өрендерді тәрбиелейтін білім ордalarına үкімет орындарынан қамқорлық көрсетіле ме! Міне, біз осы сұрақтарға жауап іздеп, профессор Дүйсен Қорабайұлына жолығып, өзі басқарып отырған білім ордасының қал жағдайы, студенттердің оқу, білімге деген ынтасы жайлы әңгімелескен едік.

● Астана жоғары оқу орындарында



университеті, Т. Жүргенов атындағы театр және көркем сурет институты және Құрманғазы атындағы Алматы Мемлекеттік консерваториясы арасында өткен КВН-да біздің студенттер бірінші орын алды. Сонымен қатар 20—26 тамыз аралығында жыр алыбының 150 жылдығына орай «Эпос және Еразия елдерінің музыкасы» деп аталатын Альберт Бейтс Лордтың есіміне бағышталған бесінші халықаралық конференция өткіздік. Ол — жыл басында ақынның мерейтойына байланысты өткізілетін шараларды үкімет бекіткенде біз

ӨНЕРЛІНІ ҚАНАТТАНДЫРУ — ПАРЫЗЫМЫЗ

дейді Құрманғазы атындағы Алматы мемлекеттік консерваториясының ректоры, профессор Дүйсен Қорабайұлы ҚАСЕИНОВ.

— Сөзімізді бірден консерватория жайына бұрсақ, оның бүгін мен ертеңі жайлы не айтар едіңіз.

— Өзіңіз көріп отырғандай тиісті орындардың қаржы бөлмеуінен электр жүйесі қиылған, қалаларлық байланыс желісі үзілген, оқытушылары мамыр айының жалақысын әлі алмаған, консерваторияның бүгінгі әлеуметтік жағдайының несібін айтамын. Әйтеуір осындағы оқытушылар мен студенттердің қасиетті өнерге деген махаббаты болған соң ғана қара шаңырақ бұрынғы қалпын сақтап тұр. Осы арада жоғарыда айтқан «махаббаты» деген сөзіме дәлел келтірер болсам, оқытушылар жалақы, еңбек демалысының ағысын алмаса да жұмысқа қалмай еңбек етіп жүрсе, студенттеріміз сабақ басталардан бір апта бұрын өздері-ақ келіп, дайындалып, оқу жылының бірінші күні үлкен концерт қояды. Бұл білімге деген ынталарын да көрсетсе керек. Алайда, ақшадан тыс да шегі бар» демекші, тиісті министрліктер бізге бұлай қырыңқарай беретін болса, біз бүгінгі қол жеткізіп отырған биімізден айырылып қаларымыз анық. Себебі, оқытушы өнерлі студенттің бойындағы талантты ұштауды емес, бала-шағасын асырауды ойласа, дарын несі күйі келмесе қайтып жақсы жетістікке қол жеткізбек. Міне, консерваторияның болашағы жайлы ойлағанда кеңілге осындай күдік те келеді. Өйтсе де, Елбасымыздан бастап барлық жауапты орындардағы азаматтардың «өтпелі кезеңде сыр алдырмайық» дегеніне иланып, әйтеуір үміттенудеміз.

— Дүйсен Қорабайұлы, сол үміттің жетегінде студенттер өнерін шыңдауда қандай жұмыстар атқарудасыздар. Шетелдік жоғары оқу орындарымен байланыстарыңыз қалай?

— Адамның бойында алдына қойған мақсатына жетемін деген сенімне селкеу оқусы керек. Ендеше біздегі оқытушылардың да бірінші міндеті студенттердің жүрегіне өнерлінің өрге жүзетіндігі, олардың таңдаған жолдарының мәңгілік екендігіне сенім ұялату. Бұл сенімнің салмағын түсінеді олар. Екіншіден «қанат ұшса қатаңдас» демекші, студенттерді мамандануларына қарай үнемі жаттықтыру (репетиция) жүйелі түрде жүргізеді. Сонымен қатар сол еңбектерінің нәтижесін көпшілік алдында сынауларына мүмкіндік жасай. Бұл бағытта оларды қалалық, республикалық өнер байқауларына қатыстырып, әр түрлі кештерде өнерлерін көрсетуге жағдай жасап отырмыз. Сондай-ақ, өзміз демеуші тауып студенттерімізді фестивальдарға қатыстырып келеміз. Мысален, Санкт-Петербург, Калининград, Львов, Уфа қалаларында өткен халықаралық вокаलिстер конкурсына қатысып, алдыңғы орындардан көрініп жүр. Сондай-ақ, камералық оркестр

биылғы жылы Германияда ондағыдан өнер көрсетіп қайтып. Сол фестивальдерде біздің студенттердің өзге елдердің музыкасын орындау шеберліктеріне олардың өздері таңқалып, сүйсініпті. Қазақстан деген мемлекет барын, қазақтан ұлттың дарындылығын, таланттылығын таныған, осындай таныстықтан соң Германия, Австрия, Жапония, Корея елдеріндегі жоғары оқу орындарымен байланыс орнап, бүгінде бір топ студенттеріміз халқымызға таныма алмас музыкалық аспаптардың қыр-сырын үйреніп, тәжірибе жинақтауда. Атап айтар болсақ, Австрияда А. Аюпова, Америкада Р. Ахмедиярова скриладан терең білім алуда.

— Жоғарыда өзіңіз айтып өткендей шет елдермен байланыс болған соң олардың тілін білу де бірінші қажеттілік. Ендеше, сіздерде өзге тілдерді және мемлекеттік тілді оқыту қалай жолға қойылған.

— Дана бабаларымыз «жеті жұрттың тілін біп, жеті түрлі ілім біл» деген ғой. Бұл өсиет бүгінде нағыз күшіне еніп тұрғандықтан, бізде неміс, ағылшын, француз тілдері оқытылады. Алайда, біздегі мардымсыз жалақыға бола аталмыш тілдер бойынша мықты мамандар келе бермейді. Ал мемлекеттік тілді оқыту жақсы жолға қойылған деп айта аламыз. Қазақ тілінен сынақ болғанда мен өзім қатысып, бақылау жасаймын. Содан да болар өзмізбен бірге тұрып келе жатқан ұлттардың үл-қыздары тұрмақ, бізде бір жыл білім алған жапондық студент қыз қазақша сөйлеп, өлең айта алады. Ал американды Д. Кубик те осынша уақыт ішінде қазақша сөйлеп, домбырада жиырма шақты күй ойнап үйренді. Кетерде өз еліне алты домбыра сатып алып кетті. Енді өз елінде біздің ұлттық өнерді насихаттайды.

— Дүйсен Қорабайұлы бізде кейбір жоғары оқу орындарында студенттерге талап-тілектерін ректорға кіріп айтуға рұқсат беріле бермейтіні анық. Сіздің ректор ретінде студенттермен ара-қатынасыңыз қалай және олардың жатақхана, басқа да мәселелері толық шешілген бе?

— Өріне, студенттің ұсақ-түйек шаруаларымен айналысуға ректордың уақыты бола бермейтіні рас. Ондай істерді топ жетекшілері (куратор) мен факультет деканы-ақ шешуге тиіс. Өйтсе де студент олардың ісіне қанағаттанбаса немесе басқа жағдайда ректордың қабылдауын қажет етсе, оған шеқ қойылмауы керек. Ал өзміздегі жағдайға тоқталатын болсам жоғарыда айтп өткеннен кейбір пәндерден сынақ кезінде өзім қатысып отырамын. Өзімің скрипка класым бар. Тікелей шекіртін болып саналатын студенттерді өзім баулимын. Кез-келген студент менің кабинетіме еркін кіріп, өтінішін айта алады. Жатақхана жайына келер болсақ биыл демеушілердің көмегімен күрделі жөндеуден өткіздік. Сұлулықты сүйетін өнер адамдарына лайық сырты көркем, іші жайлы. Студенттердің бізден және бір талап ететіні шекіртақы ғой. Тиісті министрліктің қаржыны уақтылы бөлмеуі себепті бұл мәселеге келгенде біз де тұйыққа тірелеміз. Соның салдарынан биылғы жылы ауылы шалға екі-үш

студент үйіне қайтуға жолына қаражат таппай қиналды. Аталсын демеушілерден тусқан қаржыдан жол шығынын көтеруге тура келеді.

— Консерватория оқытушылары мен студенттеріне музыкалық аспаптар ауадай қажет екені белгілі. Сондай-ақ, көпшіліктің алдына шығатын адамның сахнаға сай киінуі керек. Олай болса, бұл қажеттіктерден қалайшығудасыздар.

— Жоғарыда мен консерваторияның, жалпы өнердің болашағы дегенде кейде кеңілге күдік ұялайды деп бекер айтқан жоқ. Өмірде күнде көріп жүрген келеңсіз жағдайлардан кейінкейге ұялаған күдік. Басқасын былан «қонғанда алты жылдан бері не Мәдениет министрлігі, не Білім министрлігі бізге бірде-бір музыкалық аспап алып беруге жармай отыр. Сол баяғы ескі аспаптарымызды жамап-жасақп, өте керектілерін өз ақшамызға сатып алып күн көрүдеміз. Алайда, ең өкініштісі сол біздің жанымызды ойлауға тиісті билік басындағы азаматтар «біз көмектесе алмай отырмыз-ау, өздерің қайтып жатырсыңдар» деп бір-ауыз жағдай сұрамайды-ау, сұрамайды. Не еңбек еткеніңді елемейді, не құр отырғанды көрмейтін самарқау күйге енген...

Ал енді ең керекті аспап алып беруге жарамды отырғандарға «сахнаға киетін киім алып бер» деп айтп бәрібір бекершілік емес пе? Және орындаушы оқытушылар немесе студенттер болса өздері табды, болмаса театрлармен келісеміз. Ең қиыны оркестрді сахна мәдениетіне сай толық кіндіре алмаймыз. Содан кейін, кейде олар ұят та болса ала-құла кийимнен көпшіліктің алдына шығуға мәжбүр.

— Биыл жыр алыбы Жамбыл жылы деп балабақшадан бастап барлық білім шаңырақтарында, басқа да мекемелер ақынның өмірі мен шығармашылығына байланысты танымдық конференция, кештер өткізді. Бұл істер сіздер де қалыс қалмаған боларсыздар.

— Өріне, мұндай мәдени шараларға консерватория оқытушылары мен студенттері белсене араласады. Өйткені, бұл олардың жаны сүйетін ісі ғой. Содан да болар жыл басынан бастап кафедралар бойынша Жамбыл бабамыздың өмір, өнер жолын қамтыған кештер өткізілді. Сондай-ақ қалалық Жастар ісі туризм және спорт комитеті және бостандық аудандық әкімшілігі ұйымдастырған төрт оқу орны: Қыздар педагогикалық институты, Алматы Мемлекеттік

өткізген конференцияның тізімінде болғанымен, кейіннен министрлік қаржы бөлуге келгенде бізге жетпейді деді. Алайда, біз өзміз қаржы тауып алдыға қойған мақсатымызды орындадық. Конференцияға АҚШ, Нидерланд, Польша, Хакас, Якут, Филиппин, Түркия, Монғолия, Қарақалпақ, Түркімен, Ресей және бауырлас қырғыз елдерінің, сондан-ақ өзміздің музыка зерттеуші этнограф ғалымдар қатысты. Алты күнге созылған конференцияға қатысқандар Жамбылдың өмірі, шығармашылығы, жалпы халқымыздық этнографиялық мұрасы жайында мол мағлұмат алып қайтқандары сөзсіз.

— Дүйсен Қорабайұлы «жалғыз ағаш орман болмайды, жалғыз адам қорған болмайды» дегендей нарық заманында өзіңізбен бірге қиыншылықты бөлісіп жүрген әріптестеріңіз жайлы айтып өтсеңіз.

— Мен осындағы әрбір оқытушыны өнерге деген сүйенішшіліктері зор, өз мамандықтарының шын жазаманшылары дер едім. Солан болса да бірнеше жас оқытушыларды атағалы отырмын. Олар 1990 жылы ашылған халық сазы кафедрасында өздері оқи жүріп, сабақ берген Б. Тілеужанов, Е. Қосбармақов, кейіннен ауылдан шақыртып алған С. Жанпейсова, Уфаға арнайы жіберіп оқытып алған сыбызғышы Б. Мұқышев, пианист Т. Урманчиев сенімді ақтап, жастарды өнер әлеміне қанаттандырып жүргендер. Ал қаа бұрын оқытушылар студенттерден де, көпшіліктен де өздерінің лайықты бағасын алған белгілі жандар. Олардың эрқандысы консерваторияның бір-бір қабырғасы десе болады. Осындай өнерсүйер таланттылар дәлел таңитын, ұстаз деген ұлы мамандығына адап жандар барда өнердің жұтамайтынына сенімім зор. Біздің парыз — бойында талабы барды қанаттандыру. Тек үкімет басшылары республикамыздағы жалғыз консерваторияға деген өз парыздарын ұмытпааса екен.

— Әңгімеңізге рахмет, біз де сол тілектеміз.

Әңгімелескен Нұрболат СҰЛТАНҒАЗИЕВ, «Алматы ақшамының» тілшісі.

СҰХБАТТАСТЫҢ СЫРЫ

Бүгінде жауапты, қолында билік бар қызметтегі азаматтардың көбінің аузынан мәдениет, өнерге деген жанышарлық сөз естілейтін болды. Театр және басқа да мәдени орындарға айында жылында бір ел басы барғанда ғана барады, ал өз беттеріне аттап баспайды. Сондықтан да өнердің бүгінгі, ертеңі жайлы туралы ойламайды. Оқыса тек орыс тілді газет оқытып олар халқымызды үлші керекті өзекті мәселелерді қайдан білсін...

Міне, осындай қысылтаны кезде әр түрлі мекемелерге демеушілік көрсетіп жүрген кейбір коммерциялық және басқа да құрылымдардың басшыларының еңбектерін ескеріп, орайы келген кезде алғыс айту ләзім. Ендеше «Жақсының жақсылығын айт нұры тасысын» демекші. Консерваторияға қысығанда демеушілік көрсетіп жүрген азаматтар атын атай кетуді жөн көріп отырмын. Олар: коммерциялық жарнама фирмасы «Вастей» президенті С. Тұрысжанов, «Мэркейт Корпорэйшн» компаниясы президенті Дж. Гиссен, «Тексакко банк» төрағасы Б. Ғалымгереев, «Ақса телеком» президенті Е. Сағындықов, «Азиясиналэктрон» АҚ-ы төрағасы М. Бейсенов сынды азаматтарға істерің әр қашанда алға баса берсін демекші.